

## Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 204 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 5200 болып тіркелді

### Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

**Құжаттың мәтініндегі тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қанчардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жобасына сәйкес, су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстau мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймағының аумағын шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі мен су қорғау белдеуінің аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.М. Құсанов) Октябрьск кентінің жанындағы су бұру арнасы үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Зырян ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі

Д. Ахметов

### "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Ертіс  
бассейндік инспекциясының  
басшысының міндетін атқарушы

М. Иманжанов

2017 жылғы "15" 08

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің  
Шығыс Қазақстан облысы  
қоғамдық денсаулық сақтау  
департаментінің басшысының  
міндетін атқарушы

А. Манкутова

2017 жылғы "15" 08

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2017 жылғы "14" тамыздагы  
№ 204 қаулысына қосымша

### Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, Км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Су бұру каналы	0,47	12,0	300	0,47	2,6	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген Октябрьск кентінің жанындағы су бұру каналы үшін су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК